**БЕКІТЕМІН**
**Дарья ЖББМ директоры**
**_______ Р.Т.Жакупова**
**«02» 09 2024 жыл**

**«Балбөбек» шағын орталығы ересектер тобының**

**тәрбиелеу – білім беру процесінің перспективтік жоспары**

**Тәрбиеші:** Абсадыкова Г.С

**2024-2025 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**

**Балалардың жасы :** 4 жас - **ересек тобы**

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** Қыркүйек айы, 2024жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарынүйлестіру.<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қырлы,көлбеутақтайбойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>*Жүгіру:*1–1,5минутішіндебаяуқарқынменжүгіру,орташажылдамдықпенжүрудікезектестіреотырып,40–50метрге жүгіру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметрбиіктіктеілінгенарқанныңастынанеңбектеу;<br>*Секіру:* 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметрбиіктіктенсекіру<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>оңға,солғабұрылу,орнындаайналу;араларыналшақұстаужәне жақын тұру.<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыалға,екіжаққа,жоғарыкөтеру(біруақытта,кезекпен),төментүсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу;<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп,қолдыңсаусақтарынаяқтыңұшынажеткізіп,заттардықоюжәнежоғарыкөтеру.Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені,соданкейінаяқтыңұшынқою,тарсылдату.Қатарынан4-5ретжартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу,қайтаданбүгужәне түсіру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу.<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындарғақызығушылықтыдамыту.<br>Танысойындардыұйымдастырудабастамашылдық,дербестіктанытуғабаулу.Ойын |

| | |
|---|---|
| | дардафизикалыққасиеттерді(жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік)дамыту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыңдоптармен,қозғалатынойыншықтармен,құрсаулармменойындарынқолдау,денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәнеқимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаынталандыру.Балалардыпедагогпенбіргежаттығулардыорындауға,қимылдыойындарғақатысуғатарту.<br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Балаларғаадамныңденежәнесезіммүшелері,олардыңағзадағырөліжәнеолардықалайқорғауға,күтуге болатынытуралы түсінікберу.<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсініктікеңейту.<br>Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанғанкездеересектерге жүгінуге баулу.<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтанып болғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңкүтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен,жылыкүндерішөптің,құмныңүстіменжалаңаяқжүру.Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тыныс алужолдарын шынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызыңжәнеүнді(р,л)дыбыстардыанықайтуғажаттықтыру.Артикуляциялықаппаратыжетілдіру.<br>**Сөздікқор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар жәнеқоршағанортазаттарыныңқолданылуманыздылығынтүсіну,заттардыңатауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардыңбелгілі жәнебелгісізқасиеттерінсөйлеудеқолдану.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Балалардыәңгімеайтуғаүйрету:затты,суреттіөзбетіншеқарап,сипаттауға,түрлібалаларәрекеттеріндебейнелегенсуреттері,бұйымдарыбойыншаәңгімелерқұрастыруға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көрке м сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалғаншығарманыңмазмұнынқайталапайтуға,қысқаөлеңдерді,санамақтард ыжатқаайтуға,шығармамазмұныменсипатынасәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықекпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлық танытуға баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Айналасындағыөзінқоршағанортадантысзаттарменқұбылыстар,оқиғалартуралыа қпараттардыалуғажәнеолардыталқылауғамүмкіндікберу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықесту ді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздердітүсінужәне атаудағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Сөздердіжіктеп,тәуелдеп,септепқолданабілугеүйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Бұрыннантаныснемесебейтаныссертегілерменшағынкөркемшығармалардыңмазмұ нын иллюстрациялар бойыншақайталапайтуға баулу. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыолардысан амай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтауды үйрету.<br>**Сан, санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындыса ндыатауға,«барлығыканша?»сұрағынажауап беругеүйрету<br>**Шама:**<br>Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу.<br>Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеуді жетілдіру<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмысорнынтазаұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауғабаулу.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемібөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойыншаарақатынасынберугеүйрету: ағашбиік,бұтаағаштаналаса,гүлбұтадан аласа. |

| | |
|---|---|
| | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасылреңктерментаныстыружәнеолтүстердіөзбетіншежасауғаынталандыру(қажетті түсті шығаруүшінбояулардыараластыру). |
| **Мүсіндеу** | Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтауды қалыптастыру. Ермексаз,сазбалшық,пластикалыққесектерденәртүрлітәсілдердіқолданып,бейнелердімүсіндеу,әртүрліпішіндегітаныс заттардыөзінетәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейіннемесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың,фигуралардыңбетінтегістеуге үйрету. |
| **Жапсыру** | Қайшыныдұрысұстаудыжәнепайдаланабілудіқалыптастыру.Түзусызықбойыменалдыменқысқа,кейінұзын жолақтардықиюдыүйрету. Текшедендөңгелекпішін,тікбұрыштанбұрыштарынбүктеуарқылысопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсырудақауіпсіздікережелерінсақтау,жұмыстыұқыптылықпенорындауын қалыптастыру. |
| **Құрастыру** | Ұқыптылыққатәрбиелеу.Қауіпсіздікережелерінсақтау.<br>**Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағазданқұрастыруғаүйрету:қағаздыңпарағынортасынанбүктеп,шиыршықтап,көлемдіпішіндерге айналдырабілу<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері,кенеп,мата,дәннiңтүрлері)жәнеқалдық(қақпақтыңтүрлері,пластик,қораптар,кірқыстырғыштар)заттарданқұрастыру.Табиғиматериалдардантүрлікомпозицияжасауғаынталандыру. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканытыңдаумәдениетінсақтау(музыкалықшығармалардыалаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру<br>**Ән айту:**<br>Балалардымәнерлепәнайтуғаүйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Биқимылдарын,ойындағымузыкалыққимылдардыорындауғақызығушылықтудыру<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалықаспаптардытаныстыру.<br>**Билер:**Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың«Мен»бейнесінқалыптастыру.<br>**Заттық әлем:**<br>Балалардызаттықәлемментаныстыружәнеонымен әрекетжасаудағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білудіжетілдіру. |

| | |
|---|---|
| | **Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Балалардыңеңбекетугедегеноңкөзқарасынтәрбиелеу<br>Топтыжәнеойыналаңынтазаұстауға,ойыншықтардыжинауда тәрбиешігекөмектесуге баулу<br>Өзгеніңеңбегініңнәтижесінеқұрметпенқарауғатәрбиелеу,ересектергекөмеккөрсетуниеттерінқолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттықтәрбие.**<br>бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойыншаойыншықтарыменбөлісуге үйрету<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қалаөмірініңерекшеліктерітуралыұғымдарындамыту.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Балалардыңөзесімін,тегін,жасын,ата-аналарыныңатынбілудібекіту,кездейсоқжағдайларда(адасыпқалу,құлау)өзіндұрысұстауғаүйрету.<br>**Өлі табиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (желсоғып,жапырақтартүсті,күнніңсуықтығы),ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, судың қасиеттерінанықтауды үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталаржәне ағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Бақылаубарысындажануарларәлеміндегімаусымғатәнкөріністерді:күзде–көбелектердің,қоңыздардың,кейбірқұстардыңболмауына зейіндерін аударуды дамыту<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерінқалыптастыруджалғастыру;<br>«Балабақшадағықауіпсізмінез-құлықережелері»<br>Дәретханамен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін таныстыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**

**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы, 2024жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен,секірумен алмастырып жүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қолды екі жаққа созып, басқа қапшыққойып,заттарданаттапөту,бұрылу<br>*Жүгіру:* саптабір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* етпетіменжатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарайеңбектеу;<br>*Секіру:* аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардықашықтыққалақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасыныңбиіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>Екеуден,үшеуденбірініңартынанбіріқатарғатұру,бағытбойыншатүзелу;оңға,солғабұрылу,орнындаайналу;<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығуларды жәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>қолды иыққа қойып, шынтақтарынбүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу,қолдыңбілектерінайналдыру.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Бір аяқты жоғары көтеріп,жоғарыкөтерілгенаяқтыңастынанзаттыбірқолданекіншіқолғаберу.Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқтыайқастырып, отыру және тұру.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтыңұшынсозу,өкшеніайналдыру.Аяқтың бақайларыменжіптіжинау, құм салынған қапшықтарды өкшелерменқысыпалып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бірқырыменжүру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу.<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындарғақызығушылықтыдамыту.<br>Таныс ойындардыұйымдастырудабастамашылдық,дербестіктанытуғабаулу.Ойындардафизикалыққасиеттерді(жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік)дамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Балаларғаадамныңденежәнесезіммүшелері,олардыңағзадағырөліжәнеолардықалайқорғауға, |

| | |
|---|---|
| | күтуге болатынытуралы түсінікберу.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтанымпболғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен<br>жалаңаяқжүру.Тынысалужолдарыншынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>**Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.** Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды пысықтау.<br>**Сөздік қор.**<br>сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтіксөйлеудіжетілдіру:әңгімегеқатысуғабаулу,диалогкеқатысушыүшінтүсініктісұрақтарқоюғажәнеқойылғансұрақтарғадұрыс,толықжауапберугебаулу. |
| **Көркем әдебиет** | Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көркем сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалғаншығарманыңмазмұнынқайталапайтуға,қысқаөлеңдерді,санамақтардыжатқаайтуға,шығармамазмұныменсипатынасәйкес<br>тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықекпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлық танытуға баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Айналасындағыөзінқоршағанортадантысзаттарменқұбылыстар,оқиғалартуралыақпараттардыалуғажәнеолардыталқылауғамүмкіндікберу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту.Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу. |

| | |
|---|---|
| | **Сөздікқор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздердітүсінужәне атаудағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Сөздердіжіктеп,тәуелдеп,септепқолданабілугеүйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>өзбетіншеретіменқайталапайтуға,өзініңтәжірибесінесүйеніп,суреттербойыншаәңгімеқұрастыруға баулу. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыолардысанамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуді үйрету.<br>**Сан, санау:**<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік жәнетеңсіздіктуралыұғымдардықалыптастыру.Теңұғымынекітәсілменсаныбойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылықалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету.<br><br>**Шама:**<br>Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету;<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеуді дамыту<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтауды,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасылреңктерментаныстыружәнеолтүстердіөзбетіншежасауғаынталандыру(қажетті түсті шығаруүшінбояулардыараластыру).<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмысорнынтазаұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауғабаулу. |
| **Мүсіндеу** | Әртүрліпішіндегітаныс заттардыөзінетәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейіннемесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді<br>Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтауды дамыту. |
| **Жапсыру** | Жапсыруменшығармашылықәрекеткеқызығушылықты,шығармашылыққабілеті менқиялдыдамыту.<br>Қайшыныдұрысұстаудыжәнепайдаланабілудіқалыптастыру.Түзусызықбойыменалдыменқысқа,кейінұзын жолақтардықиюдыүйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Жапсырудақауіпсіздікережелерінсақтау,жұмыстыұқыптылықпенорындауды меңгерту. |
| **Құрасты** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру** |

| | |
|---|---|
| **ру** | Құрастыруғақолданғанқұрылысбөлшектерінажырату(текше,пластина,кірпіш,блок)жәнеатау дағдасын дамыту<br>Ұқыптылыққатәрбиелеу.Қауіпсіздікережелерінсақтауды пысықтау.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағазданқұрастыруғаүйрету:қағаздыңпарағынортасынанбүктеп,шиыршықтап, орамдарға айналдырабілу<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері,кенеп,мата,дәннiңтүрлерi)жәнеқалдық(қақпақтыңтүрлерi,пластик,қораптар,кiрқыстырғыштар)заттарданқұрастыру.Табиғиматериалдардантүрлікомпозицияжасауғаынталандыру. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыканытыңдаумәдениетінсақтау(музыкалықшығармалардыалаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныcшығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру<br>**Ән айту:**<br>Балалардымәнерлепәнайтуғаүйрету,әндісозып,қимылдарменүйлестіріпайтудықалыптастыру (ре-сибіріншіоктавашегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>маршсипатыныырғақтыжүріспенберу,музыканыңқимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап ағашқасықтарды қолдану, қарапайымәуендерді орындауын ұйымдастыру<br>**Билер:** музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланыөсіп,жетілгенересекбала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру<br>**Заттық әлем:**<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрметкөрсетебілуге тәрбиелеу.<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Берілгентапсырмағажауапкершілікпенқараудықалыптастыру:бастағаністіаяғынадейінжеткізебілу,оныжақсыорындау.<br>Ауылшаруашылығықызметкерлерініңеңбегі,(қаламенауылдыңбайланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлікөнімдерінеұқыптықарауғатәрбиелеу.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойыншаойыншықтарыменбөлісуге,айналасындаболыпжатқанжағдайлардыойелегіненөткізіп,өзініңәділпікірінбілдіругебаулу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Отанымыз–ҚазақстанРеспубликасынадегенсүйіспеншіліктіжәнемақтаныш сезімін ояту.<br>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.<br>**Жолдажүруережелері.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:<br>ойын,ойынжабдықтарынпайдалану,бейтанысадамдарменқарым-қатынасжасау.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары**<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (желсоғып,жапырақтартүсті,күнніңсуықтығы),ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, мұз, тас, саздың қасиеттерінанықтауды үйрету. |

| | |
|---|---|
| | **Өсімдіктерәлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталаржәнеағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарларәлемі.**<br>Жабайыаңдар,олардыңсырткытүрі,қозғалуы,тіршілікетуортасы,азығы,қысқабейімделуітуралыұғымдарынбайыту.<br>қыстап қалатынжәнежылқұстары туралы ұғымдарынкеңейту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоршаған ортада және табиғаттақарапайым тәртіпережелерін сақтауды,қарапайымэкологиялықбілімдерінқалыптастыружәнежануарларменөсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жемберу)баулу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**
**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қараша айы, 2024жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарынүйлестіру.<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қырлы,көлбеутақтайбойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>*Жүгіру:*1–1,5минутішіндебаяуқарқынменжүгіру,орташажылдамдықпенжүрудікезектестіреотырып,40–50метрге жүгіру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметрбиіктіктеілінгенарқанныңастынанеңбектеу;<br>*Секіру:* 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметрбиіктіктенсекіру<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>оңға,солғабұрылу,орнындаайналу;араларыналшақұстаужәне жақын тұру.<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыкеуденіңалдынақою,желкегеқою,иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсызорындау.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю,екіаяқтыкезекбүгужәнежазу,көтеружәнетүсіру.Қолыназатұстап,шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.Етпетіненжатқанқалыптаиықтарын,басын,қолдарыналғасозыпкөтеру<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Түрегеліптұрып,аяқтыңбақайларыменорамалдарды,тағыбасқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезеккөтеру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу. Спорт залда<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындарғақызығушылықтыдамыту.<br>Танысойындардыұйымдастырудабастамашылдық,дербестіктанытуғабаулу.Ойындардафизикалыққасиеттерді(жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік)дамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>«Денсаулық-зорбайлық»сөзініңмәнінтүсіну,өзініңжасағаніс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуғаболатынын түсіну. |

| | |
|---|---|
| | **Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыңдоптармен,қозғалатынойыншықтармен,құрсаулырменойындарынқолдау,денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәнеқимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаынталандыру<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтаныпболғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен<br>жалаңаяқжүру.Тынысалужолдарыншынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызыңжәнеүнді(р,л)дыбыстардыанықайтуғажаттықтыру.Артикуляциялықаппараттыжетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгертуүшінтақпақтарменжаңылтпаштарайтқызу.Дикциябойыншажұмыстыжалғастыру: сөздер менсөзтіркестерініңдұрысайтылуынжақсарту.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар жәнеқоршағанортазаттарыныңқолданылумаңыздылығынтүсіну,заттардыңатауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардыңбелгілі жәнебелгісізқасиеттерінсөйлеудеқолдануды дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтіксөйлеудіжетілдіру:әңгімегеқатысуғабаулу,диалогкеқатысушыүшінтүсініктісұрақтарқоюғажәнеқойылғансұрақтарғадұрыс,толықжауапберугебаулу. |
| **Көркем әдебиет** | Әдебишығармалардымұқияттыңдауды,кейіпкерлергежанашырлықтанытуды,ондағыәрекеттердіңдамуынқадағалау,мазмұнынтүсінугежәнеолардыңмазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерінайту,кейіпкерлердіңмінезінберу,шығармамазмұныбойыншасұрақтарғажауапберугеді,ересектерменбіргеертегіменәңгіменіңбасын,соңынойданқұрастыруға баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Ұжымдықәңгімегеқатысуға,әңгімелесушініңсөзінбөлмей,кезекпенсөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті** |

| | |
|---|---|
| | Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Туыстыққарым-қатынасты(«сіңлі»,«жеңге»,«жезде»,«нағашы»,«жиен», «бөле»)білдіретінсөздердіүйрету.Өзініңотбасы,отбасылықмерекелер,отбасындағықызықты оқиғалар,салт-дәстүрлер туралыайтуғабаулу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Етістіктіңболымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>ойыншықтармензаттарды4-5сөйлемменсипаттауға,берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуғабаулу. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыолардысанамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуді меңгерту.<br>**Сан, санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға,«барлығықанша?»сұрағынажауап беругеүйрету.<br>**Шама:**<br>Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру **Геометриялық пішіндер:**<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеу<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтауды,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менііңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәуліікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардыңөнертуындыларына,киізүйге,оныңжабдықтарына,тұрмыстықзаттарға,ойыншықтарға,сәндік-қолданбалыөнергеқызығушылықтыдамыту.<br>Дөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрышпішіндегіқазақоюларыныңэлементтерін:«құсқанаты»,«бүршік» элементтердіңорналасуретін,олардыңарасындағықашықтықтысақтауға зейін бөлуін дамыту . |
| **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың,фигуралардыңбетінтегістеуге үйрету.<br>Бірнешебөліктерденззаттардымүсіндеу,олардыорналастыру,пропорциялардысақтау,бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау<br>Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтауын жетілдіру. |
| **Жапсыру** | Композицияныққұрастырукезіндезаттарменнысандардыңкөлемібойыншаарақатынасынескеру.Ұсақэлементтердіересектердіңкөмегіменжелімдеу,алдыменқағазбетіндезаттыңбейнелерін құрастырып,содан кейіноныжелімдеуді меңгерту.<br>Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнерімен,киізүйоныңжабдықтарымен,сандық,кебежемен,қоржынментаныстыру. |

| | |
|---|---|
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағазданқұрастыруғаүйрету:қағаздыңпарағынортасынанбүктеп,шиыршықтап, ілмеккеайналдырабілуін дамыту<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Шығармашылыққиялдыдамыту,көрнекіліккесүйенеотырыпжәнеқұрастыратынматериалдардыөзбетіншетаңдап,ойданқұрастыруға мүмкіндікберу. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен),<br>**Ән айту:**<br>Қысқамузыкалықфразалараарасындатынысалудыдамыту.Әуендітазажәнесөздерді анықайтуға,музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың ырғағын нақтыбереотырып,қосаяқпенеркінжәнежеңілсекіруді үйрету<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап сылдырмақтарды қолдану, қарапайымәуендердіойнауына жағдай жасау<br>**Билер:**<br>Музыканыңсипатынасәйкесқимылдардыауыстыру,биқимылдарының,билердіңатауларынесте сақтауын дамыту |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланыөсіп,жетілгенересекбала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеуді үйрету.<br>**Заттық әлем:**<br>Қоршағанортазаттары,олардыңқасиеттеріжәнеқолданылуытуралытүсініктерінкеңейту.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерін екүтімжасау,олардысуару,жапырақтардыжинау,қыстайтынқұстардықоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа,мейірімділіккежәнеәділдікке,ересектергеқұрметкөрсетуге,кішілергекөмектесугетәрбиелеу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Отанды сүюге,патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Көліктүрлері,жолбөліктері(тротуар,жолдыңжүрубөлігіменжаяужүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол),бағдаршамбелгілері,жолдажүруережелерітуралыбілімдерінқалыптастыру.<br>**Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қазақстанныңтүрліаймақтарындааурайыныңтүрлішеболуытуралытүсінікберу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрттүлікжәнеоныңтөлдері(мінезіндегіерекшеліктер,қозғалысы,қоректенуі, адамдарға |

| | |
|---|---|
| | пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегітуралыұғымдарынкеңейту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерінқалыптастырудыжалғастыру;амандасу,қоштасудыңқажеттігітуралыескесалу,ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткенқызметі үшін алғысайту. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**

**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Желтоқсан айы, 2024жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен,секірумен алмастырып жүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қолды екі жаққа созып, басқа қапшыққойып,заттарданаттапөту,бұрылу<br>*Жүгіру:* саптабір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* етпетіменжатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарайеңбектеу;<br>*Секіру:* аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардықашықтыққалақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасыныңбиіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>Екеуден,үшеуденбірініңартынанбіріқатарғатұру,бағытбойыншатүзелу;оңға,солға бұрылу,орнындаайналу;<br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br><br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыалға,екіжаққа,жоғарыкөтеру(біруақытта,кезекпен),төментүсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарынбүгіп, қолдарын айналдыру.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп,қолдыңсаусақтарынааяқтыңұшынажеткізіп,заттардықоюжәнежоғарыкөтеру.Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп,жоғарыкөтерілгенаяқтыңастынанзаттыбірқолданекіншіқолғаберу.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені,соданкейінаяқтыңұшынқою,тарсылдату.Қатарынан 4-5ретжартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**: |

| | |
|---|---|
| | Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанаментөбешіккекөтерілу,төбешіктентүскендетежеу.Мұзжолменөзбетіншесырғанау.<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындарғақызығушылықтыдамыту. Танысойындардыұйымдастырудабастамашылдық,дербестіктанытуғабаулу.Ойындардафизикалыққасиеттерді(жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік)дамыту.<br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>«Денсаулық-зорбайлық»сөзініңмәнінтүсіну,өзініңжасағаніс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуғаболатынын түсіну.Салауаттыөмірсалтытуралыұғымдардыкеңейту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыңдоптармен,қозғалатынойыншықтармен,құрсаулârменойындарынқолдау,денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәнеқимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаынталандыру<br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтанғыпболғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен<br>жалаңаяқжүру.Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тынысалужолдарыншынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Дикциябойыншажұмыстыжалғастыру: сөздер менсөзтіркестерініңдұрысайтылуынжақсарту.<br>**Сөздікқор.**<br>Сөздікқордызаттартобынбілдіретінжалпылаушысөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында) және<br>ұлттықтұрмыстықзаттардыңатауларынбілдіретінжәнемағынасықарама-қарсыантоним сөздермен байыту.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,олардызатесімдерменсептіктерде,жекешежәнекөпшетүрде |

| | |
|---|---|
| | қолданабілугеүйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Ұсынылғансюжеттербойыншақойылымдардысахналауғаүйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілербойыншақарапайымқойылымдардыойнауға,образдыбейнелеуүшінмәнерліліккұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныскейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көркем сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Ұжымдықәңгімегеқатысуға,әңгімелесушініңсөзінбөлмей,кезекпенсөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Шағынөлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтаржаттату,жұмбақтаршешкізу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Етістіктіңболымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Бұрыннантаныснемесебейтанысертегілерменшағынкөркемшығармалардыңмазмұныниллюстрацияларбойыншақайталапайтуға<br>одан кейінгі оқиғаны ойлап табуғабаулу. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыоларды санамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілу.<br><br>**Сан, санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау<br>**Шама:**<br>Екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып<br>Салыстыруды пысықтау<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеуіне жағдай жасау<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері |

| | |
|---|---|
| | мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасынабасқазаттардыбейнелеу арқылысюжеттіккомпозициялардысалуды.Сюжеттікомпозицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-бірінеарақатынасын беруді жетілдіру. |
| **Мүсіндеу** | Бірнешебөліктердензаттардымүсіндеу,олардыорналастыру,пропорциялардысақтау,бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету.<br>Көлемдіпішіндерменқарапайымкомпозициялардымүсіндеугеқызығушылығынарттыру.<br>Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтауын қадағалау. |
| **Жапсыру** | Геометриялықпішіндерден,өсімдіктерденәзірленгеноюөрнектердіжолаққабірізділігінескереотырып,жапсырудағдыларынқалыптастыру.<br>Элементтердіңретін,олардыңарасындағыарақашықтықтысақтауды,пішінінескереотырып,ұлттықою-өрнектіқолданып,тұрмыстықзаттарды,ыдыстардыбезендірудағдыларын дамыту. |
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Құрастырылғанқұрылысбөлшектерініңкеңістіктеорналасуынайқындау.Дайынқұрылыспентүрліойындаройнауғаынталандыру<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композицияқұрастыруды үйрету<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Шығармашылыққиялдыдамыту,көрнекіліккесүйенеотырыпжәнеқұрастыратынматериалдардыөзбетіншетаңдап,ойданқұрастыруға мүмкіндікберу. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету<br>**Ән айту:**<br>Қысқамузыкалықфразалararасындатынысалудыдамыту.Әуендітазажәнесөздерді анықайтуға,музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Биқимылдарын,ойындағымузыкалыққимылдардыорындауғақызығушылықтудыру,маршсипатынырғақтыжүріспенберу,музыканыңқимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындату<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап асатаяқты қолдану, қарапайымәуендердіойнауына жағдай жасау<br>**Билер:**<br>Биқимылдарының,билердіңатауларынестесақтау.<br>Жеңіл,ырғақпенқозғалу |
| **Қоршаған** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағытуралы түсініктерді |

| | |
|---|---|
| **ортамен танысты ру** | қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін,менересекболамын»).<br>**Заттық әлем:**<br>Көліктүрлерініңқолданысын(әуе,су,жердежүретінкөліктер)ажыратабілуін ұйымдастыру<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратынадамдартуралыбілімдерінжетілдіру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасау,олардысуару,қыстайтынқұстардықоректендіру.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа,мейірімділіккежәнеәділдікке,ересектергеқұрметкөрсетуге,кішілергекөмектесугетәрбиелеу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Мемлекеттікрәміздерге(ту,елтаңба,әнұран)құрметпенқарауғатәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын,ойынжабдықтарынпайдалану<br>**Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлмеөсімдіктерінежәнетабиғатбұрышындағыжануарларғакүтімжасау,адамныңтабиғатқақамқорлықтанытуыныңмаңызытуралыбілімдерінқалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жабайыаңдар,олардыңсырртқытүрі,қозғалуы,тіршілікетуортасы,азығы,қысқабейімделуітуралыұғымдарынбайыту.<br>Бақылаубарысындажануарларәлеміндегімаусымғатәнкөріністерді: қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпалету.**<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктердікеңейту.Қоғамдыққөліктегімінез-құлықмәдениетідағдыларынқалыптастыру.<br><br>«Егерадасыпқалсам,неістеу керек?» Көмекші-ескерту:іздеунемесетұрукерекпе? Іскимылтәртібінталқылау, үйрету |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**
**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қаңтар айы, 2025 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарынүйлестіру.<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қырлы,көлбеутақтайбойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>*Жүгіру:*1–1,5минутішіндебаяуқарқынменжүгіру,орташажылдамдықпенжүрудікезектестіреотырып,40–50метрге жүгіру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметрбиіктіктеілінгенарқанныңастынанеңбектеу;<br>*Секіру:* 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметрбиіктіктенсекіру<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>оңға,солғабұрылу,орнындаайналу;араларыналшақұстаужәне жақын тұру.<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу,қолдыңбілектерінайналдыру.Қолдыкеуденіңалдынақою,желкегеқою,иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсызорындау.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқтыайқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю,екіаяқтыкезекбүгужәнежазу,көтеружәнетүсіру.Қолыназатұстап,шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.Етпетіненжатқанқалыптаиықтарын,басын,қолдарыналғасозыпкөтеру.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Тізені бүгу, алға созу,қайтаданбүгужәне түсіру.Аяқтыңұшынсозу,өкшеніайналдыру.Аяқтың бақайларыменжіптіжинау, құм салынған қапшықтарды өкшелерменқысыпалып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бірқырыменжүру.Түрегеліптұрып,аяқтыңбақайларыменорамалдарды,тағыбасқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезеккөтеру. |

| | |
|---|---|
| | **Спорттық жаттығулар**:<br>Шаңғыменжүру:шаңғыменбірініңартынанбіріжүру;ересектердіңкөмегіменшаңғыныкиіп, шешу.<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындардажетекшірөлдіорындауғаүйрету,ойынережелерінсаналытүрдесақтауғабаулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармменойындардабалалардыңбелсенділігіндамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру**:<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсініктікеңейту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыңдоптармен,қозғалатынойыншықтармен,құрсаулармменойындарынқолдау,денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәнеқимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаынталандыру<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтаныпболғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен<br>жалаңаяқжүру.Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тынысалужолдарыншынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Фонематикалықестудідамыту:белгілібірдыбыстанбасталатынсөздерді естуарқылыажыратабілугежәнеатауғаүйрету<br><br>**Сөздікқор.**<br>Сөздікқордызаттартобынбілдіретінжалпылаушысөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, |

| | |
|---|---|
| | арасында), тұрмыстық электротехника заттарының жәнеұлттықтұрмыстықзаттардыңатауларынбілдіретінжәнемағынасықарама-қарсыантоним сөздермен байыту.<br><br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>затесімдердісынесімдерменбайланыстыруға,етістіктердібұйрықрайыменқолдана білугеүйрету(отыр,жүр,жүгір).<br><br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Диалогтіксөйлеудіжетілдіру:әңгімегеқатысуғабаулу,диалогкеқатысушыүшінтүсініктісұрақтарқоюғажәнеқойылғансұрақтарғадұрыс,толықжауапберугебаулу. Балалардыәңгімеайтуғаүйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілербойыншақарапайымқойылымдардыойнауға,образдыбейнелеуүшінмәнерліліккұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныскейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>бейнелеуқұралдарынқолданаотырып,еркіноыйындардажәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйінжеткізуге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Төрттүліктібағатынадамдардың кәсіпшілікатауларынтаныстыру: «қойшы»,«жылқышы»,«түйеші»,«сиыршы»аталғанатаулардыңолардыңеңбегімен байланыстылығынтүсіндіру.Төрттүлікиелерінің төлдерді қалай шақыратынынбалалардыңөздерінеайтқызу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатынасәйкесхабарлы,лепті,бұйрықтысөйлемдерменжауапберуге мүмкіндік беру |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыоларды салыстыру негізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуді дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету<br>**Шама:**<br>Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу.<br>жуандығы бойынша заттардысалыстыруды үйрету |

| | |
|---|---|
| | **Геометриялық пішіндер:**<br>сөйлеудесынесімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатауды меңгерту(жоғары-төмен,қалың-жұқа).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға дегенұмтылыстықолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттардыбояудасызбалармenжақпалардыбірбағыттажоғарыдантөменгенемесесол даноңғапішінніңшеткісызығынаншықпайырғақтытүрдебояуды қалыптастыру. |
| **Мүсінде у** | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композицияларқұру,ұжымдықжұмыстардыорындаудаміндеттемелердіөзарабөліс уді.<br>Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтауды жетілдіру. |
| **Жапсы ру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияныққұрастырудадайынпішіндердіңкөмегімензаттардық июғанемесеөзбетінше ойданқиыпжапсыруғамүмкіндікберу.Шығармашылыққиялдыдамыту. |
| **Құраст ыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң олардыжинаужәнеорнынақою,құрастырубарысындақауіпсіздікережелерінсақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композицияқұрастыруды үйрету<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Қазақхалқыныңтабиғиматериалдарданжасалғанбұйымдарымен(ер-тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен(диірмен) таныстыру, олардың қандайматериалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныcшығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам)<br>**Ән айту:**<br>Әуендітазажәнесөздерді анықайтуға,музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету.Аспаптыңсүйемелдеуіменжә несүйемелдеуінсізәнайтуғабаулу(тәрбиешінікөмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Қимылдардымузыкаменсәйкестендіреотырып,жүрелепотыру,музыканыңекіншібө ліғіндеқимылдардыөзгертуді меңгерту<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** |

| | |
|---|---|
| | Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап сазсырнайды қолдану, қарапайымәуендердіойнауға мункундік беру<br>**Билер:**<br>Жұппенбиқимылдарынорындауды;билердеойындағымузыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Мектептуралыбастапқытүсініктердіқалыптастыру(мектепкебаруғаынтасын,қызығушылығынарттыру).<br>**Заттық әлем:**<br>Көліктүрлерініңқолданысын(әуе,су,жердежүретінкөліктер)ажыратабілу,оныңтүрлеріжәнеқолданылуымашинаныңжабдықтарынабайланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратынадамдартуралыбілімдерінжетілдіру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Жақындарыныңмамандықтарыментаныстыру,олардыңатқаратынқызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықтықалыптастыру.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Ауыл мен қалаөмірініңерекшеліктерітуралыұғымдарындамыту.<br>***Жолдажүруережелері.***<br>Бағдаршамтүстерініңбелгілерінесәйкескөшеденөтудағдыларынжетілдіру.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары.**<br>Табиғатқұбылыстарытуралыұғымдарын(жел,жаңбыр,тұман,қар,бұршақ,кемпірқосақ,боран) кеңейту.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Бөлмеөсімдіктерінежәнетабиғатбұрышындағыжануарларғакүтімжасау,адамныңтабиғатқақамқорлықтанытуыныңмаңызытуралыбілімдерінқалыптастыру.<br>**Жануарларәлемі.**<br>Бақылаубарысындажануарларәлеміндегімаусымғатәнкөріністерді:<br>қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру<br>Жабайыаңдар,олардыңсырткытүрі,қозғалуы,тіршілікетуортасы,азығы,қысқабейімделуітуралыұғымдарынбайыту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Өзөмірініңқауіпсіздігініңқарапайымдағдыларынмеңгеру(электрқұралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезеніңалдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау.<br>«Қауіпсізқала» Үйдіңмекен-жайымената-аналардың телефоннөмірлерін үйрету |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**
**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Ақпан айы, 2025 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен,секіруменалмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленгендоптардан(бір-біріненқашыққойылған5–6допарқылыкезекпен)аттапөту.<br>*Жүгіру:*саптабір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмалардыорындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметрбиіктіктеілінгенарқанныңастынанеңбектеу;құрсауданеңбектепөту;<br>*Секіру:* бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, қысқасекіргішпен секіру.<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардыңарасымендоптарды,құрсаулардыбір-біріне домалату;<br>допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру.<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br><br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыалға,екіжаққа,жоғарыкөтеру(біруақытта,кезекпен),төментүсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу;<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп,қолдыңсаусақтарынаяқтыңұшынажеткізіп,заттардықоюжәнежоғарыкөтеру.Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені,содан кейінаяқтыңұшынқою,тарсылдату.Қатарынан4-5ретжартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу,қайтаданбүгужәне түсіру. |

| | |
|---|---|
| | **Спорттық жаттығулар**:<br>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанаментөбешіккекөтерілу,төбешіктентүскендетежеу.Мұзжолменөзбетін шесырғанау.<br><br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындардажетекшірөлдіорындауғаүйрету,ойынережелерінсаналытүрдесақтауғабаулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балалардыңбелсенділігіндамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсініктікеңейту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыпедагогпенбіргежаттығулардыорындауға,қимылдыойындарғақатысуғатарту.Балалардыңжасжәнежекееерекшеліктерінескереотырып,ағзаға түсетінсалмақты реттеу.<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету. Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтанып болғаннанкейінауызды шаю.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдарды жуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүру.Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тынысалужолдарыншынықтыру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызыңжәнеүнді(р,л)дыбыстардыанықайтуғажаттықтыру.Артикуляциялықаппараттыжетілдіру.<br>Дикциябойыншажұмыстыжалғастыру: сөздерменсөзтіркестерініңдұрысайтылуынжақсарту. |

| | |
|---|---|
| | **Сөздікқор.**<br>Сөздікқордызаттартобынбілдіретінжалпылаушысөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының жәнеұлттықтұрмыстықзаттардыңатауларынбілдіретінжәнемағынасықарама-қарсыантоним сөздермен байыту.<br><br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету, затесімдердісынесімдерменбайланыстыруға,етістіктердібұйрықрайыменқолданабілугеүйрету(отыр,жүр,жүгір).<br><br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>затты,суреттіөзбетіншеқарап,сипаттауға,түрлібалаларәрекеттеріндебейнелегенсуреттері,бұйымдарыбойыншаәңгімелерқұрастыруға,шығармалардың, ертегілердіңқызықтыүзінділерінқайталапайтуға,бейтаныссзаттар,құбылыстар,оқиғалартуралыақпараттыталқылауға баулу. |
| **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру.<br>Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға, көркем сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларыментаныстыру,санамақ,жаңылтпашайту, жұмбақшешу,айтысөнерінебаулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Бейнелеуқұралдарынқолданаотырып,еркінойындардажәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйінжеткізуге баулу.<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнындұрысқабылдауға баулу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Өзіменқұрдастарыныңжауабындағықателіктердіжәнежауаптыңдұрыстығын ажыратабілуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыоларды санамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуді үйрету.<br>**Сан, санау:**<br>Сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға,«барлығықанша?»сұрағынажауап беругеүйрету. |

| | |
|---|---|
| | **Шама:**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішкесынесімдерменбелгілеуді үйретуді жалғастыру.<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Сөйлеудесынесімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатауды жетілдіру(ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойыншатең).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыруы,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшелік тері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | «Қызғалдақ»,«қошқармүйіз»,«қойізі» элементтердіңорналасуретін,олардыңарасындағықашықтықтысақтауды. Қылқаламдыүстіненбасаотырып,жуансызықтардыалқылқаламныңұшымен жіңішкесызықтардыжүргізуді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға дегенұмтылыстықолдау. |
| **Мүсіндеу** | Мүсіндеудеқысу,тарту,басуәдістерінқолдануды.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композицияларқұруды,ұжымдықжұмыстардыорындаудаміндеттемелердіөзарабөлісуді үйретуді жалғастыру. |
| **Жапсыру** | Жапсыруменшығармашылықәрекеткеқызығушылықты,шығармашылыққа білетті,қиялдыдамыту.Қайшыныдұрысұстаудыжәнепайдаланабілудіқалып тастыру.Түзусызықбойыменалдыменқысқа,кейінұзын жолақтардықиюдыүйрету.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюдыүйрету. |
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіпойластыру,құрдастарарасындаміндеттердібөлісуді дамыту<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композицияқұрастыруды үйрету<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Қазақхалқыныңтабиғиматериалдарданжасалғанбұйымдарымен(киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен(тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандайматериалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныcшығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам)<br>**Ән айту:**<br>Әуендітазажәнесөздерді анықайтуға,музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету.Аспаптыңсүйемелдеуі менжәнесүйемелдеуінсізәнайтуғабаулу(тәрбиешініңкөмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** |

| | |
|---|---|
| | Музыканыңкөңілді,ойнақысипатынқабылдау,мазмұныбойыншатанысәндер дісахналауғабаулу<br><br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап барабанды қолдану, қарапайымәуендердіойнауына жағдай жасау<br>**Билер:**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменәнайтыпжүруін дамыту |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Өзініңатын,тегін,жасын,жынысынатайбілугеүйрету<br>**Заттық әлем:**<br>Телефон,компьютер,теледидардыңқолданылуыжәнеолардыпайдаланудың кейбірқарапайымережелерітуралы білуін қарастыру.<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратынадамдартуралыбілімдерінжетілдіру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Айналаныңқоршағанзаттар,ойыншықтар–адамдардыңеңбегіменжасалғанытуралытүсінікберу,оған ұқыпты қарауғабаулу.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Республикадағы  қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру.<br><br>**Жолдажүруережелері.**<br>Жаяужүргіншілергеарналғанережелер,«Жаяужүргіншіөткелі», «Қоғамдыққөлікаялдамасы»жолбелгілерітуралыұғымдарынкеңейту.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киінуін жетілдіру.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралыбастапқы түсініктердіқалыптастыру.<br>**Жануарларәлемі.**<br>Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау. Жылқұстары туралы ұғымдарынкеңейту<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоршаған ортада және табиғаттақарапайым тәртіпережелерін сақтау,қарапайымэкологиялықбілімдерінқалыптастыружәнежануарлармен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жемберу)баулу.<br>«Айналадағыәлем: бұлкереметжануарлар!» Үйдегіжәнеауладағы жануарлардыңайырмашылығын үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**
**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Наурыз айы, 2025 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқықадаммен(оңғажәнесолға),саптабір-бірденжүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*сызықтардыңарасымен(арақашықтығы15сантиметр) жүру,сызықтардың,арқанның,тақтайдың,гимнастикалықскамейканың, бөрененің бойымен жүру<br>*Жүгіру:*аяқтыңұшымен,тізеніжоғарыкөтеріп,адымдапжүгіру,саптабір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасыментура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>*Секіру:* бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алғаұмтылыпқосаяқпенсекіру,бірорындатұрып,оңға,солғабұрылыпсекіру;<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардыңарасымендоптарды,құрсаулардыбір-біріне домалату;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру.<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкамен сүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>қолды иыққа қойып, шынтақтарынбүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу,қолдыңбілектерінайналдыру.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Бір аяқты жоғары көтеріп,жоғарыкөтерілгенаяқтыңастынанзаттыбірқолданекіншіқолғаберу.Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқтыайқастырып, отыру және тұру.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтыңұшынсозу,өкшеніайналдыру.Аяқтың бақайларыменжіптіжинау, құм салынған қапшықтарды өкшелерменқысыпалып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бірқырыменжүру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу. |

| | |
|---|---|
| | **Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындардажетекшірөлдіорындауғаүйрету,ойынережелерінсаналытүрдесақтауғабаулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармеnойындардабалалардыңбелсенділігіндамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанғанкездеересектерге жүгінуге баулу.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыпедагогпенбіргежаттығулардыорындауға,қимылдыойындарғақатысуғатарту.Балалардыңжасжәнежекеерекшеліктерінескереотырып,ағзағатүсетінсалмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардыңқимылдардыорындауы үшін жағдайларжасау.<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтанып болғаннанкейінауызды шаюды пысықтау.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту дағдыларын дамыту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгертуүшінтақпақтарменжаңылтпаштарайтқызу.<br>**Сөздікқор.**<br>Балалардықазақхалқыныңқонақжайлылықдәстүріментаныстыру,қонақтықүтіпалу,төргеотырғызу,«қонаққәде»,«сыбаға»,асқайыру,батаберу,қонақтышығарыпсалудәстүрлерінүйретуарқылыүлкендердісыйлауға,дастарханбасында әдептіліктісақтауғабаулу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,олардызатесімдерменсептіктерде,жекешежәнекөпшетүрде,затесімдердісынесімдерменбайланыстыруға,етістіктердібұйрықрайымен |

| | |
|---|---|
| | қолданабілугеүйрету(отыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>затты,суреттіөзбетіншеқарап,сипаттауға,түрлібалаларәрекеттеріндеб ейнелегенсуреттері,бұйымдарыбойыншаәңгімелерқұрастыруға,шығармалардың,ертегілердіңқызықтыүзінділерінқайталапайтуға,бейтаныс заттар,құбылыстар,оқиғалартуралыақпараттыталқылауға баулу. |
| **Көркем әдебиет** | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларыментаныстыру,санамақ,жаңылтпашайту, жұмбақшешу,айтысөнерінебаулу.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру. Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітың дауға,көркем сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Сөйлесубарысындаәңгімелесушініңназарынөзінеаударуүшінинтонациясыменсөйлеумәнерінөзбетіншеқолдануға баулу<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Шығарманыжеткізудеоныңмазмұныменсипатынасәйкестүрліинтонацияларды,үзілістерді,логикалықекпіндіқолданып,мәнерлепайтуғабаулу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Өзойынжайжәне жайылмасөйлемдерменжеткізуге мүмкіндікберу.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеусипатындағысұрақтардықоюға мүмкіндік беру. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыоларды санамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуіне мункіндіктер беру.<br>**Сан, санау:**<br>Реттік сан есімдерді атау,сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға,«барлығықанша?»сұрағынажауап беругеүйрету.<br>5көлеміндетуражәнекерісанауғажаттықтыру.<br><br>**Шама:**<br>Бірнешезаттыөсужәнекемуретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>сөйлеудесынесімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатауды дамыту(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен |

| | |
|---|---|
| | белгілеуді жетілдіру (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалыерек шеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасынабасқазаттардыбейнелеу арқылысюжеттіккомпозициялардысалу.Сюжеттікомпозицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-бірінеарақатынасын беруді пысықтау.<br>«құстұмсық»,«ботамойын»,«ботакөз» элементтердіңорналасуретін,олардыңарасындағықашықтықтысақтауды қалыптастыру. |
| **Мүсіндеу** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеугебаулу.Дайынмүсіндідөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрышпішіндегіқазақоюларыныңэлементтеріменбезендіруді жалғастыру. |
| **Жапсыру** | Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнерімен,киізүйоныңжабдықтарымен,сандық,кебежемен, қоржынментаныстыру.<br>Геометриялықпішіндерден,өсімдіктерденәзірленгеноюю-өрнектердіжолаққабірізділігінескереотырып,жапсырудағдыларынқалыптастыру.<br>Жапсырудақауіпсіздікережелерінсақтау,жұмыстыұқыптылықпенорындау дағдысын пысықтау. |
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрліқұрылымдықтәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылыстыталдауды үйрету.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами»үлгісібойыншақарапайымпішіндерқұрастыруды дамыту.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Қазақхалқыныңтабиғиматериалдарданжасалғанбұйымдарымен(киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен(күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандайматериалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,қазақтыңұлттықаспабыдомбырыменорындалғанәндерменкүйлердітыңдату.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптыңсүйемелдеуіменжәнесүйемелдеуінсізәнайтуғабаулу(тәрбиешінікөмегімен). Әнді мәнерлепайтуғаүйрету,әндісозып,қимылдарменүйлестіріпайтудықалыптастыру(ре-сибіріншіоктавашегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканыңкөңілді,ойнақысипатынқабылдау,мазмұныбойыншатаныс әндердісахналауғабаулу<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап |

| | |
|---|---|
| | домбыраны қолдану, қарапайымәуендердіойнауын дамыту<br>**Билер:**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменәнайтыпжүру,қимылдардыөзгерту,шапшаңдықпенептіліктаныту |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Өзінқұрметтеуге,өзқадір-қасиетінсезінуге,өзінедегенсенімділікке тәрбиелеу. Отбасылықмерекелер,салт-дәстүрлертуралыәңгімелеу<br>**Заттық әлем:**<br>Қазақхалқыныңұлттыққимдерімен,әшекейлеріментаныстыру.<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Көліктежұмысістейтінадамдарғасыйластықтанытуға тәрбиелеу.<br><br>**Еңбеккебаулу**<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасау,олардысуару.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>Балалардыадамгершілікке,өзаракөмекберуге үйрету<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Отанымыз–ҚазақстанРеспубликасынадегенсүйіспеншіліктіжәнемақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолдажүруережелері.**<br>Балалардыжолқозғалысыережелерінсаналытүрдесақтауғаүйрету.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары.**<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанныңтүрліаймақтарындааауарайыныңтүрлішеболуытуралытүсінікберу.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарларәлемі.**<br>Бақылаубарысындажануарларәлеміндегімаусымғатәнкөріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайдаболуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұясалуы, балапан шығаруы<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерінқалыптастырудыжалғастыру;амандасу,қоштасудыңқажеттігітуралыескесалу,ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткенқызметі үшін алғысайту.<br><br>«Мен және бөгде ересек адам»<br>Сенімділікшеңберлері,ересектердіңережесі:егербейтанысадам есіктіқақса, не істеукерек? |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**

**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** Сәуір айы, 2025 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен,секіруменалмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленгендоптардан(бір-біріненқашыққойылған5–6допарқылыкезекпен)аттапөту.<br>*Жүгіру:*саптабір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмалардыорындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметрбиіктіктеілінгенарқанныңастынанеңбектеу;құрсауданеңбектепөту;<br>*Секіру:* бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, қысқасекіргішпен секіру.<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардыңарасымендоптарды,құрсауларды бір-бірінедомалату;<br>допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру.<br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыкеуденіңалдынақою,желкегеқою,иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсызорындау.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю,екіаяқтыкезекбүгужәнежазу,көтеружәнетүсіру.Қолыназатұстап,шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.Етпетіненжатқанқалыптаиықтарын,басын,қолдарыналғасозыпкөтеру<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Түрегеліптұрып,аяқтыңбақайларыменорамалдарды,тағыбасқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезеккөтеру.<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу. |

| | |
|---|---|
| | **Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындардажетекшірөлдіорындауғаүйрету,ойынережелерінсаналытүрдесақтауғабаулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармменойындардабалалардыңбелсенділігіндамыту.<br><br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Салауаттыөмірсалтытуралыұғымдардыкеңейту.<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсініктікеңейту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыпедагогпенбіргежаттығулардыорындауға,қимылдыойындарғақатысуғатарту.Балалардыңжасжәнежекеерекшеліктерінескереотырып, ағзағатүсетінсалмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардыңқимылдардыорындауы үшін жағдайларжасау.<br><br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтаныпболғаннанкейінауызды шаюды дамыту.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыжуу,үстелді сүрту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.Тыныс алужолдарын шынықтыруды жасату |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Фонематикалықестудідамыту:белгілібірдыбыстанбасталатынсөздерді естуарқылыажыратабілугежәнеатауғаүйрету<br><br>**Сөздікқор.**<br>Балалардықазақхалқыныңқонақжайлылықдәстүріментаныстыру,қонақтыкүтіпалу,төргеотырғызу,«қонаққәде»,«сыбаға»,асқайыру,батаберу,қонақтышығарыпсалудәстүрлерінүйретуарқылыүлкендердісыйлауға,дастарханбасында әдептіліктісақтауғабаулу. |

| | |
|---|---|
| | **Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,олардызатесімдерменсептіктерде қолданабілугеүйрету(отыр,жүр,жүгір).<br><br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Диалогтіксөйлеудіжетілдіру:әңгімегеқатысуғабаулу,диалогкеқатысушыүшінтүсініктісұрақтарқоюғажәнеқойылғансұрақтарғадұрыс,толықжауапберугебаулу.<br>Ұсынылғансюжеттербойыншақойылымдардысахналауғаүйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Тыңдалғаншығарманыңмазмұнынқайталапайтуға,қысқаөлеңдерді,санамақтардыжатқаайтуға,шығармамазмұныменсипатынасәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықекпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлық танытуға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Сөйлесубарысындаәңгімелесушініңназарынөзінеаударуүшининтонациямен сөйлеуманерінөзбетіншеқолдануға баулу<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнындұрысқабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлықтанытуға,кейіпкердіңіс-әрекетінеөзойын білдіруге баулу.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Өзойынжайжәне жайылмасөйлемдерменжеткізуге мүмкіндікберу.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауғамүмкіндік беру. |
| **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыолардысанамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуін дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>Реттік сан есімдерді атау,сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға,«барлығықанша?»сұрағынажауап беругеүйрету.<br>5көлеміндетуражәнекерісанауғажаттықтыру.<br>**Шама:**<br>Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру |

| | |
|---|---|
| | **Геометриялық пішіндер:**<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеу,сөйлеудесы несімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатауды(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқанемесеұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойыншатең) дамыту<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Сурет салу** | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасылреңктерментаныстыружәнеолтүстердіөзбетіншежасауғаынталандыру(қажетті түсті шығаруүшінбояулардыараластыру). |
| **Мүсіндеу** | Мүсіндеудеқысу,тарту,басуәдістерінқолдану.Кескіштіқолданудыүйрету,оныңкөмегіменжасалғанбұйымдыбезендіругеынталандыру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композицияларқұру,ұжымдықжұмыстардыорындаудаміндеттемелердіөзарабөлісуін жетілдіру. |
| **Жапсыру** | Элементтердіңретін,олардыңарасындағыарақашықтықтысақтауды,пішінінескереотырып,ұлттықою-өрнектіқолданып,тұрмыстықзаттарды,ыдыстардыбезендірудағдыларын дамыту. |
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:** өз бетінше ойдан құрастыруғамүмкіндікберу,құрастырылғанқұрылысбөлшектерініңкеңістікте орналасуынайқындау.Дайынқұрылыспентүрліойындаройнауғаынталандыру.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«оригами»үлгісібойыншақарапайымпішіндерқұрастыруға ынталандыру.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері,кенеп,мата,дәннiңтүрлерi)жәнеқалдық(қақпақтыңтүрлерi,пластик,қораптар,кіірқыстырғыштар)заттарданқұрастыруды үйрету. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,қазақтыңұлттықаспабыдомбыраменорындалғанәндерменкүйлердітыңдату. |

| | |
|---|---|
| | **Ән айту:**<br>Аспаптыңсүйемелдеуіменжәнесүйемелдеуінсізәнайтуғабаулу(тәрбиешінікөмегімен). Әнді мәнерлепайтуғаүйрету,әндісозып,қимылдарменүйлестіріпайтудықалыптастыру(ре-сибіріншіоктавашегінде).<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Мазмұныбойыншатанысәндердісахналауғабаулу,музыканыңырғағынасәйкесәртүрліқарқынмен секіруді жасату.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалықаспап металлофонды қолдану, қарапайымәуендердіойнауға мумкіндік беру<br><br>**Билер:**<br>Музыканыңкөңілді,ойнақысипатынажыратабілу,атрибуттарменбиқимылдарынорындауды дамыту |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерінжетілдіру.Отбасындағыүлкендердісыйлауға,құрметкөрсетуге,кішілергеқамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.<br>**Заттық әлем:**<br>Қоршағанортазаттары,олардыңқасиеттеріжәнеқолданылуытуралытүсініктерінкеңейту.Қазақхалқыныңұлттыққиімдерімен,әшекейлеріментаныстыру.<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратынадамдартуралыбілімдерінжетілдіру.Көліктежұмысістейтінадамдарғасыйластықтанытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Топтакезекшілердіңміндеттерінөзбетіншеорындауғаүйрету:нансалғыштарды,кружкаларды,тәрелкелерменмайлықтарды,асқұралдарын(қасықтар,шанышқылар)ретіменқоюды пысықтау.<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>Ренжігенбалағажанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көзжеткізіпсебебінанықтауға баулу<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>Республикадағықалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қалаөмірініңерекшеліктерітуралыұғымдарындамыту.<br>**Жолдажүруережелері.**<br>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімдібекіту.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары.**<br>Табиғатқұбылыстарытуралыұғымдарын(жел,жаңбыр,кемпірқосақ) кеңейту.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Бақылау, эксперимент және еңбек етубарысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығыныңмәнін,олардыңөсуіүшінжер,топырақ,су,күн,жарық,ылғал,жылудыңқажеттілігінанықтау. |

| | |
|---|---|
| | **Жануарларәлемі.**<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарынкеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау,өздігіненотжақпау).<br>«Тамақтануәдебі»(қауіпсізтамақтанудағдылары)<br>Қауіпсіз тамақтануережелері,гаджеттердіқарапотырып,тамақтануғабола ма? |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Балбөбек» шағын орталығы**

**Балалардың жасы :** 4 жас **- ересек тобы**

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы, 2025 жыл

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру:* өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқықадаммен(оңғажәнесолға),саптабір-бірденжүру<br>*Тепе-теңдіктісақтау:*қырлы,көлбеутақтайбойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>*Жүгіру:* аяқтыңұшымен,тізеніжоғарыкөтеріп,адымдапжүгіру<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* құрсауданеңбектепөту;гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөренежәнегимнастикалық скамейкаданаттапөту.<br>*Секіру:* 2–3 метр қашықтыққа алғаұмтылыпқосаяқпенсекіру,бірорындатұрып,оңға,солғабұрылыпсекіру;<br>*Лақтыру,домалату,қағыпалу:*заттардықашықтыққалақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасыныңбиіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.*<br>Екеуден,үшеуденбірініңартынанбіріқатарғатұру,бағытбойыншатүзелу;<br><br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>*Қолжәнеиықбелдеуінеарналғанжаттығулар.*<br>Қолдыалға,екіжаққа,жоғарыкөтеру(біруақытта,кезекпен),төментүсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарынбүгіп, қолдарын айналдыру.<br>*Кеудегеарналғанжаттығулар.*<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп,қолдыңсаусақтарынаяқтыңұшынажеткізіп,заттардықоюжәнежоғарыкөтеру.Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп,жоғарыкөтерілгенаяқтыңастынанзаттыбірқолданекіншіқолғаберу.<br>*Аяққаарналғанжаттығулар.*<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені,соданкейінаяқтыңұшынқою,тарсылдату.Қатарынан 4-5ретжартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу.<br>**Қимылдыойындар.** |

| | |
|---|---|
| | Қимылдыойындардажетекшірөлдіорындауғаүйрету,ойынережелерінсаналытүрде сақтауғабаулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулarменойындардабалалардыңбе лсенділігіндамыту.<br>**Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру.**<br>Тамақтанутәртібінсақтаудыңжәнекөгөністерменжемістердің,дәрумендердіңадама ғзасына пайдасытуралы түсініктерін жетілдіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**:<br>Балалардыпедагогпенбіргежаттығулардыорындауға,қимылдыойындарғақатысуға тарту.Балалардыңжасжәнежекеерекшеліктерінескереотырып,ағзағатүсетінсалмақ ты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардыңқимылдардыорындауы үшін жағдайларжасау.<br>**Мәдени-гигеналықдағдылардыжетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалаудыәдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақ ты,қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықтыдұрысқолдану,тамақтаныпболғаннанкей інауызды шаюын пысықтау.<br><br>**Өзіне-өзі қызметкөрсетудағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинауды, ілу, ересектің көмегімен олардытазалауды,құрғатуды.Бейнелеуәрекетіненсоңқұтыларды,қылқаламдардыж уу,үстелді сүрту дағдыларын дамыту.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: аяқтарды,дененішаю,әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен,жылыкүндерішөптің,құмныңүстіменжалаңаяқжүруді.Тыныс алужолдарын шынықтыруды жетілдіру. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгертуүшінтақпақтарменжаңылтпаштарайтқызу.<br>**Сөздікқор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясытуралыбалаларменталқылау.<br>Сөздікқордыересектердіңмамандықтарынбілдіретінзатесімдермен,еңбекәрекетін білдіретінетістіктермен толықтыру.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,олардызатесімдерменсептіктерде,жекешежәнекөпшетүрде,затесімдердісы несімдерменбайланыстыруға,етістіктердібұйрықрайыменқолданабілугеүйрету(от ыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>түрлібалаларәрекеттеріндебейнелегенсуреттері,бұйымдарыбойыншаәңгімелерқұр астыруға,шығармалардың,ертегілердіңқызықтыүзінділерінқайталапайтуға,бейтан ысзаттар,құбылыстар,оқиғалартуралыақпараттыталқылауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларыментаныстыру,санамақ,жаңылтпашайту, жұмбақшешу,айтысөнерінебаулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілербойыншақарапайымқойылымдардыойнауды үйрету |
| **Қазақ тілі** | **Тілдікдамытушыорта**<br>Түрлібалаларәрекеттеріндеөзініңжәнекұрдастарыныңәрекетінтүсіндіругежәнедәлелдеугебаулу<br>**Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті**<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту.Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздікқор**<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдардажеткізебілуге,еркінойындардакейіпкерлердіңбейнесінбасқақырынанкөрсетебілугемүмкіндік беру.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**<br>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өзойынжайжәне жайылмасөйлемдерменжеткізуге мүмкіндікберу.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеусипатындағысұрақтардықоюға,бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауғамүмкіндік беру. |
| **Математика негіздері** | ***Жиын:***<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу,заттардыжұппенқоюарқылыолардысанамай-ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайбілуін дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>«Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету. 5көлеміндетуражәнекерісанауғажаттықтыру.<br><br>**Шама:**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыруға машықтандыру<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеу,сөйлеудесынесімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатауды қалыптастыру(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқанемесеұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойыншатең).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау,берілгенбағыттақозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарайорналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (меніңалдымдаүстел,солжағымдаорындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |

| | |
|---|---|
| **Сурет салу** | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемібөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойыншаарақатынасынберугеүйрету: ағашбиік,бұтаағаштаналаса,гүлбұтадан аласа.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін,олардыңарасындағыарақашықтықтардысақтау,2-3элементтердітүсіменпішінібойыншаұлттықоюлардыашықтүстерменкезектестір удағдыларынқалыптастыру.Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнерітуралыбілімдерінкеңейту. |
| **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың,фигуралардыңбетінтегістеуге үйрету.<br>Бірнешебөліктердензаттардымүсіндеу,олардыорналастыру,пропорциялардысақтау,бөліктерді біріктіру.<br>Балалардыңкөлемдіпішіндерменқарапайымкомпозициялардымүсіндеугеқызығушылығынарттыру. |
| **Жапсыру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияныққұрастырудадайынпішіндердіңкөмегімензаттардың июғанемесеөзбетінше ойданқиыпжапсыруғамүмкіндікберу.Шығармашылыққиялдыдамыту.<br>Жапсырудақауіпсіздікережелерінсақтау,жұмыстыұқыптылықпенорындау. |
| **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Орналастырутәсілдерінқолданаотырып,пластиналардытігіненжәне кірпіштерді,бөлшектердікөлденеңіненорналастыру,құрастыруғақолданғанқұрылысбөлшектерінажыратужәнеатау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойданқұрастыруғамүмкіндікберу,құрастырылғанқұрылысбөлшектерініңкеңістіктеорналасуынайқындау дағдысын дамыту.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами»үлгісібойыншақарапайымпішіндерқұрастыруын дамыту.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Табиғиматериалдардантүрлікомпозицияжасауғаынталандыру.Шығармашылыққиялдыдамыту,көрнекіліккесүйенеотырыпжәнеқұрастыратынматериалдардыөзбетіншетаңдап,ойданқұрастыруға мүмкіндікберу.<br>Ұқыптылыққатәрбиелеу.Қауіпсіздікережелерінсақтауды қалыптастыру. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу дағдысын бекіту<br>**Ән айту:**<br>Қысқамузыкалықфразалараасындатынысалудыдамыту.Әуендітазажәнесөздерді анықайтуға,музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканыңкөңілді,ойнақысипатынқабылдау,мазмұныбойыншатанысәндердісахналауғабаулу,музыканыңырғағынасәйкесәртүрліқарқынменсекірін бекіту.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Музыкалық аспаптарды тану және атауды.<br>Ағашқасықтармен,сылдырмақтармен,асатаяқ,домбыра,сазсырнайда,барабан жәнеметаллофонмен қарапайымәуендердіойнауды бекіту.<br>**Билер:**<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |
| **Қорша** | **Бала, оның отбасы, үйі:** |

| | |
|---|---|
| **ған ортамен таныстыру** | Жақынтуыстарынбілуге,олардыңесімдерінатауғаүйрету,отбасындағысүйіктіадамдары,отбасылықмерекелер,салт-дәстүрлертуралыәңгімелеу,өзініңжақындарынамақтаныш сезімінбілдіру дағдысын жетілдіру.<br>**Заттық әлем:**<br>Телефон,компьютер,теледидардыңқолданылуыжәнеолардыпайдаланудыңкейбірқарапайымережелерітуралы білуді. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрметкөрсетебілуге тәрбиелеу.<br>**Байланысжәнеқозғалысқұралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратынадамдартуралыбілімдерінжетілдіру.<br>**Еңбеккебаулу**<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:өсімдіктергекүтімжасау,олардысуару,ауладағыгулдердісуару.<br>Айналаныңқоршағанзаттар,ойыншықтар–адамдардыңеңбегіменжасалғанытуралытүсінікберу,оған ұқыпты қарауғабаулу<br>**Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие.**<br>ренжігенбалағажанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне<br>көзжеткізіпсебебінанықтауға,әділболғанжағдайдаәрекететкенбаланыңәрекеттерін қолдауға үйрету.<br>**МеніңОтаным–Қазақстан.**<br>ОтанқорғаушыларҚазақстанРеспубликасыныңәскерітуралыұғымдарынкеңейту.<br>Отанды сүюге,патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолдажүруережелері.**<br>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімдібекіту.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары.**<br>Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерінанықтау дағдысын бекіту.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталаржәне ағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарларәлемі.**<br>Құстардыңкөбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>«Табиғаттағықауіпсіздік»<br>Табиғаттағықауіптінысандарды таныстыру.<br>«Қауіпсізүй.Үйдежалғызқалғанда»<br>Үйдегі қауіптізаттарды таныстыру, оларды ұстау керектігін ескерту |